

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2023 жылдың 25 шілдесіндегі
№ 10 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2023 жылдың 25 шілдесінен бастап
қолданысқа енгізілді

Клирингілік алымдар мен тұрақсыздық айыбы туралы ҚАҒИДА

Осы Клирингілік алымдар және тұрақсыздық айыбы туралы қағида (бұдан әрі – Қағида) "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) клирингілік қатысушыларының төлеуіне жататын клирингілік алымдардың құрамы мен мөлшерлерін (мөлшерлемелерін), осындай алымдар мен тұрақсыздық айыбын төлеу мерзімдері мен тәртібін, сондай-ақ олардың уақтылы төленбеуі не толық төленбеуі үшін жауапкершілігін анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Ұғымдар

1. Қағидада Қазақстан Республикасының заңнамасында, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мен Клирингілік орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген ұғымдар пайдаланылады.
2. Қағиданың мақсаттары үшін:
 - 1) қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу-сату мәмілелері деп репо операцияларына жатпайтын және Клирингілік орталыққа клирингілік жүзеге асыру үшін берілген мәмілелер түсініледі;
 - 2) Клирингілік орталыққа клирингілік жүзеге асыру үшін берілген репо операциялары (осы операциялардың құрамына кіретін мәмілелерді қоса алғанда) репо операциялары деп түсініледі;
 - 3) қаржы құралын жалғыз сатушымен немесе сатып алушымен сауда-саттықтың бастамашысы деп оның бастамасы бойынша қаржы құралын жалғыз сатушымен немесе сатып алушымен сауда-саттық өткізілетін Биржа мүшесі түсініледі;
3. Клирингілік қатысушылар оларға клирингілік қызмет көрсету процесінде төлейтін қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік жүзеге асырғаны үшін алынатын алымдар клирингілік алымдар болып табылады.
4. Клирингілік алымдардың мөлшері осы Қағидаға қосымшаларда белгіленеді.

Клирингілік алымдарды Клирингілік орталық осы Қағидада белгіленген тәртіппен және мерзімде қазақстандық теңгемен есептейді және клирингілік қатысушылар қазақстандық теңгемен төлеуге тиіс.

Егер шамасынан қандай да бір алым есептелетін мәміленің немесе операцияның көлемі шетел валютасында көрсетілсе, онда алымды есептеу мақсаты үшін мұндай көлем көрсетілген мәмілені жасау (көрсетілген операцияны жүргізу) күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген осы валютаның қазақстандық теңгеге шаққандағы бағамы бойынша қазақстандық теңгеге қайта есептеледі.

Клирингілік алымдар мен тұрақсыздық айыбын клирингілік қатысушы дербес төлейді. Клирингілік алымды үшінші тұлғаның төлеуіне клирингілік қатысушы Клирингілік орталыққа мұндай төлеудің мүмкін еместігінің себептерін көрсете отырып, жазбаша жүгінген жағдайда ғана жол беріледі.

2 тарау. КЛИРИНГІЛІК АЛЫМДАР

2 бап. Клирингілік алымдар туралы жалпы қағидалар

1. Клирингілік алымдар:
 - 1) валюталық своптың операцияларына жататын мәмілелерді қоса алғанда, шетел валютасымен мәмілелер бойынша клиринг үшін алым (осы баптың 4 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 2) деривативтермен мәмілелер бойынша клиринг үшін алым;

- 3) осы тармақтың 1 және 2 тармақшаларында көрсетілгендерден басқа, өзге қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг үшін алым (осы баптың 4 және 5 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) болып табылады.
2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген клирингілік алымдар, осы тармақтың екінші абзацында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Клирингілік орталықтың клирингілік қатысушыларға өткен айдан кейінгі күнтізбелік айдың басында ұсынылатын шоттары негізінде өткен күнтізбелік ай үшін ай сайын төленеді.

Клирингілік қатысушы деривативтермен мәмілелер бойынша клирингілік алымды Клирингілік орталық Клирингілік орталықтың корреспонденттік шотындағы клирингілік қатысушының қамтамасыз ету сомасынан клирингілік алым сомасын ұстап қалу жолымен мерзімді келісімшартпен операция жүзеге асырылған күні төлейді.
3. Егер қандай да бір клирингілік қатысушы бір мезгілде мәміле бойынша сатушы және сатып алушы болып табылса, ол осы мәміле бойынша клирингілік алымды сатушы ретінде және сатып алушы ретінде екі рет төлейді.
4. Репо және валюта свопы операцияларына қатысты клирингілік алымдар осы операцияларды ашу мәмілелері бойынша ғана есептеледі. Жабу мәмілелері бойынша клирингілік алымдар есептелмейді.
5. Клирингілік орталық орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерді реттеу мақсатында жасаған мәмілелер бойынша клирингілік алымдар клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін мыналарға байланысты тиісінше орындамағаны туралы растау болған кезде Клирингілік орталық Басқармасының шешімі бойынша жойылуы мүмкін:
 - 1) Клирингілік орталық пайдаланатын қандай да бір ақпараттық жүйенің немесе оның жеке компонентінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;
 - 2) Клирингілік орталықтың ішкі құжаттарында және/немесе клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартта көзделген өз функцияларын Клирингілік орталықтың тиісінше орындамауы;
 - 3) Клирингілік орталықтың немесе оның жеке компонентінің аса маңызды өнім берушінің қандай да бір ақпараттық жүйесінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;
 - 4) еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауымен (форс-мажор жағдайлары, яғни табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, халықтық толқулар, заңнаманың өзгеруі, (уәкілетті) реттеуші органдардың іс-қимылдары мен шешімдері, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері, оның ішінде карантин жариялау және клирингілік қатысушы болжай алмаған және клирингілік қатысушының өз міндеттерін тиісінше орындауына тікелей әсер еткен басқа да осындай мән-жайлар) немесе қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты, оның ішінде Клирингілік орталық және/немесе клирингілік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдайдың енгізілуіне немесе төтенше жағдайдың басталуына байланысты өзге де уақиғалар;
 - 5) мәміленің немесе своп/репо операциясының мәні болып табылатын қандай да бір қаржы құралының сауда-клирингілік жүйесінде дұрыс белгіленбеген параметрлері;
 - 6) клирингілік қатысушының ақылға қонымды бақылауының шегінен шығатын өзге де жағдайлар және/немесе уақиғалар.

6. Клирингілік алымдар құрылуының негізгі мақсаты елдің тұрақты әлеуметтік экономикалық дамуын қамтамасыз ету және болашақ ұрпақ үшін қаржы қаражатын жинақтау болып табылатын қор ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жасаған шетел валютасын сатып алу-сату мәмілелері бойынша есептелмейді.
7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттің Қазақстан Республикасында ақша-кредит саясатын әзірлеуді және жүргізуді қамтамасыз ететін мемлекеттік орган ретінде репо сатушысы ретінде қатысатын репо операциялары бойынша клирингілік алымдарды төлеуден, сондай-ақ мерзімді келісімшарттармен операциялар бойынша клирингілік алымдарды төлеуден босатылады.
8. Қаржы құралын жалғыз сатушымен немесе сатып алушымен сауда-саттыққа қатысты мәмілелерге қатысты клирингілік алымдар Клирингілік орталықтың қатысуымен бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша ғана есептеледі және:
 - 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бастамашы болған сауда-саттыққа қатысты Биржаның ішкі құжаттарында анықталғандай сауда-саттыққа қатысушылар;
 - 2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілгендерден басқа, қаржы құралын жалғыз сатушымен немесе сатып алушымен (осы баптың 10 тармағында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып) өзге де сауда-саттыққа бастамашы төлейді.
9. Клирингілік алым төлеуден:
 - 1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өзі шығарған бағалы қағаздарды орналастыру кезінде;
 - 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзі немесе Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздарды орналастыру (сату) кезінде босатылады.
10. Егер Клирингілік орталықтың қатысуымен жалғыз сатушымен немесе сатып алушымен сауда-саттықтың бастамашысы Клирингілік қатысушы болып табылмайтын бағалы қағаздардың эмитенті болып табылса, онда оны мен Клирингілік орталық арасындағы Клирингілік алымды төлеу жөніндегі қатынастар осындай сауда-саттықтың бастамашысы мен Клирингілік орталық арасында жасалатын келісім-шартпен реттеледі.

3 бап.

Клирингілік алымдардың мөлшері

1. Валюта нарығының клирингілік қатысушысы осы ұйым үшін Биржа белгілеген валюта нарығындағы ай сайынғы мүшелік жарнаны төлеу сызбасына қарай Клирингілік орталық Басқармасының шешімімен белгіленген клирингілік алымдарды төлеу сызбасына сәйкес Қағидаға 1 қосымшада белгіленген мөлшерлемелер бойынша клирингілік алымдарды төлейді.
2. Қор нарығының клирингілік қатысушылары осы ұйым үшін Биржа белгілеген қор нарығында ай сайынғы мүшелік жарнаны төлеу сызбасына байланысты Қағидаға 2 қосымшада белгіленген клирингілік алымдар мөлшерлемелері бойынша клирингілік алымдарды төлейді.
3. Репо операциялары бойынша клирингілік алымдар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K = Q \times n \times P, \text{ мұнда:}$$

K – репо операциясы бойынша клирингілік алым;

Q – осы репо операциясына жататын ашу мәмілесінің сомасы;

n – осы репо операциясының мерзімі (күндермен) (осы баптың 4 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

P – Қағидаға 3 қосымшаның 2 кестесінде анықталған репо операциясы бойынша клирингілік алым мөлшерлемесі.

4. Intraday мерзімімен репо операциясы бойынша клирингілік алымды есептеу мақсаттары үшін осы операцияның мерзімі бірлікке тең болып қабылданады.

Репо операциясының мерзімі өзгерген кезде осы репо операциясы бойынша клирингілік алым қайта есептелмейді.

5. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушылары мынадай формула бойынша есептелетін туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік алымдарды төлейді:

$$K = Fee_{fut} \times N, \text{ мұнда:}$$

K – мерзімді келісімшарттармен мәміле бойынша клирингілік алым;

Fee_{fut} – осы баптың 6 тармағына сәйкес анықталған бір мерзімді келісімшарт үшін клирингілік алым;

N – мәміледегі мерзімді келісімшарттар саны.

6. Осындай келісімшартта сауда-саттық ашылғанға дейін бір жұмыс күні бұрын анықталған бір мерзімді келісімшарттың есептік құнына байланысты бір мерзімді келісімшарт үшін клирингілік алым:

1) 0,5 теңге – мерзімді келісімшарттың есептік құны 50 000 теңгеге дейін қоса алғанда;

2) 1,0 теңге – мерзімді келісімшарттың есептік құны 50 001 теңгеден 150 000 теңгеге дейін қоса алғанда;

3) 1,5 теңге – мерзімді келісімшарттың есептік құны 150 001 теңгеден 400 000 теңгеге дейін қоса алғанда;

4) 2,0 теңге – мерзімді келісімшарттың есептік құны 400 000 теңгеден жоғары.

7. Егер бір сауда-саттық сессиясы ішінде Клирингілік орталықтың клирингілік қатысушысы нәтижесінде бір атаудағы мерзімді келісімшарттар бойынша позициясы ашылған, содан кейін толық жабылған мерзімді келісімшарттармен мәмілелер жасасқан жағдайда, осы мәмілелер бойынша осы клирингілік қатысушыға қатысты бөлігінде клирингілік алым, осы баптың 5 тармағына сәйкес есептелген клирингілік алым мөлшерінің 50 %-ын құрайды.

8. Қандай да бір клирингілік қатысушы үшін клирингілік алымдарды төлеу сызбасын анықтау үшін Клирингілік орталық Биржадан осы клирингілік қатысушыға берілген биржалық алымдарды төлеу сызбасы туралы ақпаратты сұратады.

4 тарау. ШОТТЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ. КЛИРИНГІЛІК АЛЫМДАРДЫ ТӨЛЕМЕГЕНІ (ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ УАҚТЫЛЫ ТӨЛЕМЕГЕНІ) ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

4 бап. Клирингілік орталықтың шот ұсынуы

1. Клирингілік орталық клирингілік қатысушыларға Клирингілік орталық шоттарының электрондық файлдарын eTransfer.kz электрондық құжаттар алмасу жүйесі арқылы жіберу жолымен мерзімді клирингілік алымдарды төлеуге арналған шоттарды ұсынады.

2. Клирингілік орталық клирингілік қатысушыларға жіберетін шоттардың файлдары .pdf (Portable Document Format) форматында қалыптастырылады.
Клирингілік орталық өз қатысушыларына ұсынатын шоттар ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарын пайдалана отырып жасалады.
3. Клирингілік қатысушыға мерзімді клирингілік алымдарды төлеуге арналған шотты ұсыну күні осы шоттың электрондық файлы еTransfer.kz электрондық құжаттар алмасу жүйесі арқылы жіберген күн болып есептеледі.
4. Клирингілік қатысушыға мерзімді клирингілік алымдарды төлеуге арналған шотты ұсынудың жеткілікті дәлелі еTransfer.kz жүйесіндегі тиісті жазба болып табылады.
5. еTransfer.kz электрондық құжаттар алмасу жүйесінде техникалық жаңылыс анықталған жағдайда клирингілік қатысушыға мерзімді клирингілік алымдарды төлеуге арналған шотты ұсыну осындай шоттардың түпнұсқаларын пошта байланысының операторы (операторлары) арқылы қағаз тасымалдағыштарда жіберу жолымен жүзеге асырылатын болады.

5 бап. Клирингілік орталықтың шотын төлеу

1. Клирингілік орталықтың мерзімді клирингілік алымдарды төлеуге арналған шотын клирингілік қатысушы оны ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.
2. Осы тармақтың екінші абзацында белгіленгенді қоспағанда, Клирингілік орталық мерзімді клирингілік алымдарды төлеу ретінде алған ақша, оның ішінде осы қатысушыға клирингілік қызмет көрсету тоқтатыла тұрған немесе клирингілік қатысушы мәртебесінің қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайларда да қайтарылуға жатпайды.
Мерзімді клирингілік алым төлеушінің өтініші бойынша Клиринг орталығы, егер мұндай аударым техникалық қателіктің салдары болып табылса, оған осы алымды төлеу ретінде аударылған ақшаны қайтаруға құқылы.
3. Клирингілік қатысушының мерзімді клирингілік алымдарды төлеу бойынша берешегі Клирингілік орталықтың ішкі құжаттарына сәйкес өзара есеп айырысу арқылы өтелуі мүмкін.

5 тарау. ТҰРАҚСЫЗДЫҚ АЙЫБЫ

6 бап. Мерзімді клирингілік алымдарды төлемегені (толық немесе уақтылы төлемегені) үшін жауапкершілік

1. Клирингілік орталық клирингілік қатысушының мерзімді клирингілік алымдарды төлемегені (толық немесе уақтылы төлемегені) үшін Клирингілік орталық осы клирингілік қатысушыдан кідіртудің әрбір күнтізбелік күні үшін Клирингілік орталыққа тиесілі төлем сомасының 0,2 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.
Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұрақсыздық айыбын төлеу клирингілік қатысушыны клирингілік алымдарды төлеу міндетінен босатпайды.
2. Клирингілік қатысушы клирингілік алымдарды осы Қағидада белгіленген мерзім өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде төлемеген (толық немесе уақтылы төлемеген) жағдайда Клирингілік орталықтың Басқармасы осы клирингілік қатысушы мәртебесінің қолданылуын тоқтата тұруға құқылы.

7 бап. Тұрақсыздық айыбы

1. Тұрақсыздық айыбы жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушыға Клирингілік орталықтың Директорлар кеңесі бекіткен Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне сәйкес жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушы өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін есептеледі.
2. Қор және валюта нарықтарында жасалған ОК-мен мәмілелер бойынша жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушы Клирингілік орталыққа Клирингілік орталықтың позицияны ауыстыру және (немесе) мәжбүрлеп жою процедурасын қолдану және (немесе) жою неттингі процедурасын қолдану процедурасын қолданғаны үшін:
 - 1) процедураны алғашқы қолдану кезінде күнтізбелік үш ай ішінде осындай қолдану күніне қолданылған айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінде;
 - 2) осының алдындағы қолданылған күннен бастап есептелетін үш күнтізбелік ай ішінде процедураны қайта қолдану кезінде осындай қолдану күніне қолданылған айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген мөлшерінде (әрбір осындай қолдану үшін) айыппұл төлеуге міндетті.

Егер Клирингілік орталық бір клиринг күні ішінде жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының бірнеше сауда-клирингілік шоттары бойынша осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген процедураларды қолданса, онда мұндай қатысушы Клирингілік орталыққа Клирингілік орталықтың әрбір сауда-клирингілік шот бойынша реттеу процедурасын қолданғаны үшін айыппұл төлеуге міндетті.

Егер Клирингілік орталық клирингілік күн ішінде осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген процедураларды жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының бір сауда-клирингілік шотына бірнеше рет қолданса, онда мұндай қатысушы Клирингілік орталыққа Клирингілік орталықтың реттеу процедураларын қолданғаны үшін айыппұл төлеуге міндетті.

Егер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген процедуралар арасында күнтізбелік үш айдан астам уақыт өтсе, онда бірінші кейіннен бұзушылық үшін осы тармақтың 1 тармақшасында көрсетілген мөлшерде айыппұл есептеледі.

3. Клирингілік қатысушы mark-to-market клирингілік сессияның қорытындылары бойынша клирингілік қатысушыда пайда болған margin-call Орталық контрагентпен мәмілелер бойынша клирингілік сессияларды өткізу регламентіне сәйкес клирингілік қатысушы cut-off time уақытына дейін жоймаған жағдайда Клиринг орталығына:
 - 1) күнтізбелік үш ай ішінде осындай бұзушылық күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінде;
 - 2) алдыңғы қолданылған күннен бастап есептелетін күнтізбелік үш ай ішінде осындай бұзушылық күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген мөлшерінде (әрбір осындай бұзушылық үшін) айыппұл төлеуге міндетті.
4. Клирингілік қатысушы осы баптың 2 және 3 тармақтарында көрсетілген айыппұлды Клирингілік орталық тиісті шотты ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұрақсыздық айыбын төлеу күні Клирингілік орталықтың корреспонденттік шотына тұрақсыздық айыбы сомасын есептеген күн болып есептеледі.

5. Клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы:

- 1) Клирингілік орталықтың қандай да бір ақпараттық жүйесінің немесе оның жеке компонентінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыспен;
- 2) Клирингілік орталықтың ішкі құжаттарында және/немесе клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартта көзделген өз функцияларын Клирингілік орталықтың тиісінше орындамауымен;
- 3) Клирингілік орталықтың аса маңызды өнім берушісінің қандай да бір ақпараттық жүйесінің немесе оның жеке компонентінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыспен;
- 4) еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауымен (форс-мажор жағдайлары, яғни табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, халықтық толқулар, заңнаманың өзгеруі, (уәкілетті) реттеуші органдардың іс-қимылдары мен шешімдері, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері, оның ішінде карантин жариялау және клирингілік қатысушы болжай алмаған және клирингілік қатысушының өз міндеттерін тиісінше орындауына тікелей әсер еткен басқа да осындай мән-жайлар) немесе қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты, оның ішінде Клирингілік орталық және/немесе клирингілік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдайдың енгізілуіне немесе төтенше жағдайдың басталуына байланысты өзге де уақиғалармен;
- 5) мәміленің немесе своп/репо операциясының мәні болып табылатын қандай да бір қаржы құралының дұрыс белгіленбеген параметрлерімен;
- 6) клирингілік қатысушының ақылға қонымды бақылауының шегінен шығатын өзге де жағдайлармен және/немесе уақиғалармен байланысты болған жағдайларда клирингілік қатысушыларға айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбын есептеу Клирингілік орталық Басқармасының шешімі бойынша жойылуы мүмкін.

8 бап.

Клирингілік қатысушының төлем тәртібін бұзуы

1. Клирингілік қатысушының валюта нарығында төлем тәртібін бұзуы деп:
 - 1) Клирингілік орталықтың корреспонденттік шотына есеп айырысуды жүзеге асырған күні осы клирингілік қатысушының нетто-міндеттемесінің сомасын есептемеу немесе толық көлемде есептемеу;
 - 2) клирингілік қатысушының Клирингілік орталықтың есеп айырысу-клирингілік сессияларды өткізу уақытын регламенттейтін ішкі құжатында белгіленген валюта нарығындағы сауда-саттық бойынша нетто-міндеттемелерді орындау үшін есеп айырысу мерзімдерін бұзуы;
 - 3) Клирингілік орталықтың пайдасына осы клирингілік қатысушының міндеттемесін төлеуге төлемді жүзеге асыру кезінде Клирингілік орталықтың корреспонденттік шотының деректемелерін бұзуы танылады.
2. Клирингілік қатысушының төлем тәртібін бұзуы Клирингілік орталықтың осы клирингілік қатысушының нетто-талаптарын орындамауы үшін сөзсіз және жеткілікті негіз болып табылады.
3. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген жағдайлардың кез келгені анықталған кезде Клирингілік орталықтың Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру ережелерінде көзделген шараларды қабылдауға құқығы бар.
4. Төлем тәртібін бұзуға жол берген клирингілік қатысушының міндеттемелерін реттеу тәртібі Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерінде белгіленген.

5. Төлем тәртібін бұзғаны үшін клирингілік қатысушы Клирингілік орталықтың пайдасына:
 - 1) күнтізбелік үш ай ішінде төлем тәртібін бірінші рет бұзған кезде осындай бұзушылық болған күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінде;
 - 2) алдыңғы бұзушылық жасалған күннен бастап есептелетін күнтізбелік үш ай ішінде төлем тәртібін қайталап бұзу кезінде осындай бұзушылық болған күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген мөлшерінде (әрбір осындай бұзушылық үшін) айыппұл төлеуге міндетті.

Егер төлем тәртібін бұзу арасында күнтізбелік үш айдан астам уақыт өтсе, онда бірінші кейінгі бұзушылық үшін осы тармақтың 1 тармақшасында көрсетілген мөлшерде айыппұл есептеледі.
6. Клирингілік қатысушы осы баптың 5 тармағында көрсетілген айыппұлды Клирингілік орталық тиісті шотты ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.
7. Клирингілік қатысушы осы баптың 5 тармағында көрсетілген айыппұлды төлеуден, егер төлем тәртібін бұзу мән-жайларын қарау барысында клирингілік қатысушы есеп айырысу-клирингілік сессияларын өткізу уақытын регламенттейтін Клирингілік орталықтың ішкі құжатында белгіленген мерзімнен кешіктірмей Клирингілік орталықтың пайдасына ақша аударуға қызмет көрсететін банкке нұсқаулықтар бергені және клирингілік қатысушының қызмет көрсететін банкі көрсетілген нұсқаулықтарды көрсетілген мерзімнен кешіктірмей орындағаны анықталса, Клирингілік орталық Басқармасының шешімі бойынша босатылуы мүмкін. Бұл ретте төлем тәртібін бұзу Клирингілік орталықтың корреспонденттік шотына оның қызмет көрсететін банкінің ақшаны кеш аударуына байланысты болды.

6 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

9 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Қағида Клирингілік орталықтың интернет-ресурсында жариялануға тиіс.
2. Қағида қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда кемінде бір рет өзектендіруге жатады.

Басқарма төрағасы

И.М. Сабитов

Клирингілік алымдар
мен тұрақсыздық
айыбы туралы
қағидаға

1 қосымша

**Валюта нарығындағы клирингілік алымдардың
МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ (МӨЛШЕРЛЕРІ)**

Клирингілік алымдарды төлеу сызбасының атауы	Клирингілік алым мөлшерлемесі
1	3
1-сызба	0,0005 %
2-сызба	0,0003 %
3-сызба	0,0002 %
4-сызба	0,0005 %
5-сызба	0,0002 %

Кестеге ескертпелер:

- "-" символы осы мөлшерлеме бұл сызба үшін қолданылмайтынын білдіреді;
- клирингілік алым мөлшерлемесі клирингілік алымды төлеу жүзеге асырылатын кезең үшін Клирингілік орталыққа қатысушы жасаған әрбір мәміле сомасынан пайызбен белгіленген;
- клирингілік алым мөлшерлемелері валюталық своп операцияларын жабу мәмілелеріне қолданылмайды.

**Қор нарығындағы клирингілік алымдардың
МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ (МӨЛШЕРЛЕРІ)**

1-кесте

№ р/с	Бағалы қағаздардың атауы	Сызбалар	Клирингілік алымдар
1	2	3	5
1	Листингілік бағалы қағаздар бойынша ашық сауда-саттық әдістерінің кез келгенімен жасалған сатып алу-сату мәмілелері бойынша клирингілік алымдар		
1.1.	Бағалы қағаздардың барлық түрлері	1-сызба	0,005 %, бірақ 0,1 АЕК-тен кем емес
1.2.	"Таза" бағада саудаланатын облигацияларды қоспағанда, акциялар және өзге де бағалы қағаздар	2-сызба	0,003 %
1.3.	1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар; 2) Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, АҚШ долларымен номинацияланған бағалы қағаздар		0,00002 % × өтеуге дейінгі мерзім күндерде, бірақ 0,002 %-дан аспайды
1.4.	1.3 тармақта көрсетілген облигацияларды қоспағанда, "таза" бағада саудаланатын облигациялар.		0,00003 % × өтеуге дейінгі мерзім күндерде, бірақ 0,003 %-дан аспайды
2	Листингілік бағалы қағаздар бойынша тікелей сатып алу-сату мәмілелері және "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар бойынша сатып алу-сату мәмілелері бойынша клирингілік алымдар		
2.1.	Бағалы қағаздардың барлық түрлері	1-сызба	0,01 %, бірақ 0,25 АЕК-тен кем емес
2.2.	"Таза" бағада саудаланатын облигацияларды қоспағанда, акциялар және өзге де бағалы қағаздар	2-сызба	0,01 %
2.3.	"Таза" бағамен сатылатын облигациялар		0,0001 % × өтеуге дейінгі мерзім күндерде, бірақ 0,01 %-дан аспайды
3	Қаржы құралын жалғыз сатушымен немесе сатып алушымен сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша клирингілік алымдар		
3.1	Бағалы қағаздардың барлық түрлері	1-сызба/2-сызба	Мәміле сомасының 0,005 %, бірақ 5.000 еселенген АЕК мөлшерінен аспайды

Кестеге ескертпелер:

- сатып алу-сату мәмілелері бойынша клирингілік алымдар мөлшерлемелері осындай мәмілелер сомасының пайызында көрсетілген;
- 1.3, 1.4 және 2.3 тармақтарда көрсетілген бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша клирингілік алымдарды есептеу мақсатында осы бағалы қағаздарды өтеуге дейінгі мерзім күнтізбелік күндермен есептелетін уақыт кезеңі ретінде анықталады.

2-кесте

Репо операциялары бойынша клирингілік алымдар				
№	Атауы	Сызбалар	Гросс-есептеулер (Клиринг орталығынсыз)	Неттинг (Клиринг орталығымен)
			Клирингілік алымдар	Клирингілік алымдар
1	2	3	5	8
1	Репо операциялары бойынша клирингілік алым	1-сызба	0,000025 %, бірақ 0,175 АЕК-тен кем емес	0,00015 %, бірақ 0,01 АЕК-тен кем емес
		2-сызба	0,000015 %, бірақ 0,175 АЕК-тен кем емес	0,000115 %
2	Реттеу тәртіптерінде жасалған қор нарығының своп операциялары бойынша клирингілік алым	1-сызба/2-сызба	–	0,0001 %*

Кестеге ескертпелер:

- репо операциялары бойынша клирингілік алымдарды есептеу мақсатында мөлшерлеме осы операцияға қатысты ашу мәмілесінің сомасына және күнтізбелік күндермен есептелетін репо операциясының мерзіміне көбейтіледі;
- "*" символы своп операциясына жататын ашу мәмілесі сомасынан есептелетін мөлшерлеме мөлшерін білдіреді.